



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Қ.ЖҰБАНОВ атындағы АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті

АКТЮБИНСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени К.ЖУБАНОВА

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**Құрметті 6B019-Арнайы педагогика білім бағдарламасы бағыты бойынша
XVI Республикалық пәндік олимпиадаға қатысушылар!!!**

Сіздерді 2024 жылдың **22 сәуірінде сағат 10-00** өтетін XVI Республикалық пәндік олимпиадаға қатысуға шақырамыз.

Пәндік олимпиаданың ұйымдастырушысы – **Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Педагогика және білім берудегі менеджмент факультеті, Психология және арнайы педагогика кафедрасы.**

Олимпиадаға 6B019-Арнайы педагогика бағыты бойынша 3 курс студенттері қатыса алады. Олимпиадаға қатысу үшін 3 адамнан тұратын команда жиналады.

Жұмыс тілдері: *қазақ, орыс, ағылшын*

Олимпиада *2 кезеңде өтеді.*

1-кезең: Үй тапсырмасы. «АРНАЙЫ ПЕДАГОГ ӘЛІППЕСІ» тақырыбы бойынша жоба дайындау.

Мақсаты: Арнайы педагогика және инклюзивті білім берудің жетістіктерін тарату және насихаттау, жоғары сапалы кәсіби білім алуға мүдделі студенттердің танымдық пен шығармашылық және зерттеу қабілеттерін дамыту.

Жобаның мазмұны Арнайы педагогика мен инклюзивті білім берудің өзекті мәселелерін шешуге бағытталуы тиіс. Жобаны бағалауды қазылар алқасы жобаның: бастамашылық, жоспарлау, орындау, мониторинг және аяқтау барлық компоненттерінің болуына сүйене отырып, алдын ала кезеңде жүзеге асыратын болады.

Жобаның электронды нұсқасы arystygulova@zhubanov.edu.kz электрондық поштасына **2024 жылдың 17 сәуірінен** кешіктірмей жіберілу керек. Әр команда тек бір жоба ұсына алады. Жобалардың бірегейлік сәйкестігі «Turnitin Similarity» бағдарламасы арқылы тексерілді. Бірегейлік көрсеткіші 70% төмен болмауы керек.

2-кезең: Тестілеу.

Мақсаты: «Арнайы педагогика», «Инклюзивті білім беру» пәндері бойынша теориялық білім деңгейін анықтау.

Олимпиадаға қатысу үшін толтырылған өтінімді (қатысушының аты-жөні көрсетілген файлға қол қою) – 2024 жылдың **11 сәуіріне** дейін arystygulova@zhubanov.edu.kz электронды мекенжайына «Олимпиада-2024» деп белгілеп жіберілу керек.

Анықтама үшін телефондар: 87015802600 (WhatsApp) Утеуова Алия Амангельдиевна
8747 3604373 (WhatsApp) Рыстыгулова Айгуль Таубаевна

БЕКІТЕМІН

«Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ
Басқарма мүшесі, Ғылым және
инновациялар жөніндегі
проректор Р.А.Бекназаров

« _____ » _____ 2024 ж.

6B019-Арнайы педагогика бағыты бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттері арасындағы XVI Республикалық пәндік олимпиада ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже олимпиаданың мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін, 6B019 – Арнайы педагогика бағыты бойынша XVI Республикалық пәндік студенттік олимпиаданы өткізудің шарттары мен тәртібін айқындайды.

1.2 XVI Республикалық олимпиаданы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті КеАҚ өткізіледі (мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы 34а).

1.3 Олимпиаданы басқаруды ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады, оның құрамын Басқарма мүшесі, ғылым және инновациялар жөніндегі проректор бекітеді.

1.4 Олимпиаданың қазылар алқасы құрамын университеттің Басқарма Төрағасы - Ректор тағайындайды.

2. Олимпиаданың мақсаты, міндеттері және миссиясы

2.1 Пәндік олимпиада - бұл студенттердің теориялық-тәжірибелік дайындығы, сонымен қатар, сол деңгейін шығармашылық және сыни ойлау жағдайында қолдана білу қабілетін көрсететін білім беру саласындағы зияткерлік сайыстың бір түрі.

2.2 **Мақсаты** - арнайы және инклюзивті білім берудің жетістіктерін тарату және насихаттау, жоғары сапалы білім алуға мүдделі студенттердің танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

2.3 Міндеті:

- арнайы және инклюзивті білім беру саласында студенттердің оқу-зерттеу қызметін қалыптастыру;

- студенттердің кәсіби және тұлғалық әлеуетін, олардың өзіндік санасын, шығармашылық қабілеттерін ашу, кәсіби іс-әрекетке ынтасын және өзін-өзі жүзеге асыруын қалыптастыру.

3. Олимпиада қатысушылары:

3.1 Олимпиадаға 6B019-Арнайы педагогика бағыты бойынша 3 курс студенттері қатыса алады.¹

3.2 Олимпиадаға қатысу үшін 3 адамнан тұратын команда құрылады.

3.3 **Олимпиадаға қатысуға өтінім** (*1-қосымша*) олимпиаданы ұйымдастыру комитетіне 2024 жылдың 11 сәуіріне дейін arystygulova@zhubanov.edu.kz электронды мекен-жайына жіберілу қажет.

¹ Ескерту:

Жобаны офлайн форматта қорғау қарастырылмаған, сол себепті олимпиаданың екінші кезеңіне - тестілеуге қатысу үшін команданың бір мүшесі (студент) және команда жетекшісінің (оқытушының) келуі жоспарланады.

Олимпиаданы өткізу Ережелеріне сәйкес жобаның электрондық нұсқасы көрсетілген мерзімнен кешіктірілмей жіберілуі тиіс. Олимпиада басталғанға дейін қазылар алқасының құрамы келіп түскен жобалармен танысып, жалпы командалық жұмыстың тиісті ұпайларын есептеп шығарады.

3.4 Олимпиадаға қатысушылардың құқықтары: әрбір қатысушы нәтижелерді жариялағаннан кейін қазылар алқасы мүшелерінен қажетті түсіндірмелер алуға құқылы.

3.5 Олимпиадаға қатысушылар жауапты:

- тапсырмаларды орындау дербестігі және жауаптарды рәсімдеу сауаттылығы,
- олимпиада кезіндегі мінез-құлық және жұмыс регламентін сақтау.

4. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті:

4.1 Олимпиаданы ұйымдастыру мәселелерін шешу және әдістемелік қамтамасыз ету үшін

КеАҚ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті», Психология және арнайы педагогика кафедрасының профессор-оқытушылық құрамы қатарынан ұйымдастыру комитеті құрылады.

4.2 Ұйымдастыру комитетінің функциялары:

- олимпиаданы өткізу мерзімін, орнын және тәртібін анықтауы;
- тапсырмалардың саны мен мазмұнын дайындауы;
- олимпиаданың ашылуы және жабылуын ұйымдастыруы;
- олимпиаданы ұйымдастыру мәселелері;
- олимпиада нәтижелерін ЖОО сайтында, БАҚ және әлеуметтік желілерде жариялауды қамтамасыз етуі.

4.3. Тапсырмалардың мазмұнын, тапсырмаларды бағалау өлшемдерін университеттің «Психология және арнайы педагогика» кафедрасы бекітеді.

5. Олимпиаданың қазылар алқасы:

5.1 Қазылар алқасы Ақтөбе қаласының арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы жетекші мамандар және университеттің профессор-оқытушылар құрамынан құрылады.

5.2 Қазылар алқасының міндеттері:

- олимпиадаға қатысушылардың тапсырмаларды орындауын бақылауды жүзеге асыру;
- олимпиада қатысушылары ұсынған материалдар сапасын талдауы және бағалауы;
- жеке және командалық есепте олимпиада жүлдегерлерін анықтайды және қорытынды шығарады (1-ші, 2-ші, 3-ші орын).

6. Республикалық олимпиаданы өткізу тәртібі мен мерзімі:

6.1 Олимпиада **2024 жылы 22 сәуірде** өтеді. Басталуы: **10:00**

6.2 Олимпиадаға қатысу автоматты түрде командалардың осы ереженің барлық тармақтарымен танысуын және толық келісімін білдіреді.

6.3 Олимпиада бойынша қорытынды шығарылғаннан кейін апелляциялық өтініштер қабылданбайды және қарастырылмайды.

6.4 Нәтижелер барлық қатысушыларға олимпиада өткізілген күні жарияланады.

7. XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиада бағдарламасы

I. «Арнайы педагог әліппесі» тақырыбында жоба дайындау. Көлемі 10-15 бетке дейін.

Мақсаты: арнайы білім беру саласындағы ұйымдастырушылық іс-әрекетті қалыптастыру, түрлі деңгейіндегі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды дамыту ортасын құра алуы, жұмыс жасау үлгісінің жолдарын көрсету, диагностикалық-кеңес беру жұмыстарын өткізе алуы.

Жобаны бағалау критерийлері

Негізгі критерийлер:

- шешілетін мәселенің әлеуметтік маңыздылығы - **10 ұпай**;
- жоба элементтерінің бірізділігі - мақсаттарға, міндеттерге, таңдалған әдістерге, жоба нәтижелеріне сәйкестігі - **10 ұпай**;
- ұсынылған тәсілдер мен шешімдердің негізділігі - **10 ұпай**;
- жобаны әзірлеу және жүзеге асыру бойынша қызмет әдістерінің жаңашылдығы мен тиімділігі, табылған тәсілдер мен шешімдердің өзіндік ерекшелігі - **10 ұпай**;
- жобаның болашағы - **10 ұпай**.

Қосымша критерийлер:

- жобаның ресімделу сапасы, оның ішінде дайындалған фотосуреттер, диаграммалар, сызбалар және т.б. – **10 ұпай**;

- жобаны іске асырудың ақпараттық қамтылуы - **10 ұпай**.

Ең жоғары ұпай саны - **70 ұпай**.

Бағалау критерийлері мен конкурстық материалдардың дизайны мен мазмұнына қойылатын талаптар жобаны сипаттайтын мәтіннің құрылымы мен безендірілуіне қойылатын талаптарды қамтиды.

Жобаның мәтіні талаптарға сәйкес **2024 жылдың 17 сәуіріне** дейін ұйымдастырушыларға arystygulova@zhubanov.edu.kz электронды почтасына жіберіледі.

Жобаны *команда* немесе *бір қатысушы ұсына алады*.

Жобаны сипаттайтын мәтіннің құрылымы мыналарды қамтиды:

1. Мәселенің сипаттамасы

Жоба бөліміне қойылатын талаптар:

- жобаның қажеттілігін сипаттау;
- мәселенің маңыздылығы ашу;
- жоба мақсаты мен міндеттерінің байланысын көрсету;
- жобаның статистикалық мәліметтермен, осы саладағы құзырлы органдарға және негізгі әдеби дереккөздерге сілтемелермен, сарапшылық кеңестермен сәйкестігін негіздеу.

2. Мәселені шешудің кезеңдері мен әдістері

- қажетті ресурстар мен әдістерді пайдалана отырып, нәтижеге қол жеткізуге бағытталған әрекеттерді логикалық мазмұнда нақты сипаттау;

- мәселені шешу үшін не істейтінін, іс-әрекеттерді кім жүзеге асыратынын, оларды жүзеге асыру тетіктерін, қашан және қандай ретпен, қандай ресурстар тартылатынын түсіндіру;

- белгіленген мерзімде аяқталуы мүмкін әдістер мен іс-әрекеттердің шектеулі жиынтығын ұсыну, оларды сипаттау;

- жобаға қатысушылардың құрамы мен жауапкершілігін негіздеу (іріктеу принциптерін көрсету);

- логикалық тізбекті сақтау: мәселе - мақсат - тапсырма - әдіс.

3. Күнтізбелік жоспар

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауапты
1			

4. Күтілетін нәтижелер

Бұл бөлімде жоба қызметінің күтілетін нәтижелерін сандық және сапалық тұрғыдан жазу қажет.

5. Жобаны жүзеге асырудың болжалды тәуекелдері

№	Жоба тәуекелдері	Шешімі

Жобаны жүзеге асыру перспективалары

Бұл бөлімде сіз жобаның келешегі/кеңейтілуі туралы өз көзқарасыңызды сипаттауыңыз керек.

6. Жобаны сипаттайтын мәтіннің дизайны келесі техникалық талаптарға сай болуы керек. Жобаның авторлық түп нұсқасы компьютерде мәтіндік процессордың көмегімен А4 парақтарында (297x210 мм) теріледі. Мәтінді файлға doc, docx немесе rtf түрінде сақтау ұсынылады.

Мәтін жиектерді ескере отырып, парақтың еніне теңестіріледі: сол жағы - 2 см, оң жағы - 2 см, жоғарғы, төменгі - 2 см. Абзац 1,25 см. Жоларалық интервал 1. Шрифт Times New Roman, қаріп түсі қара. Қаріп өлшемі - 14 пт.

Мәтіндегі таңбаларды ықшамдауға және сирек жазуға жол берілмейді. Сөз арасында бір ғана бос орынболуы тиіс. Белгілі бір терминдерге, анықтамаларға, мысалдарға және т.б. назар аудару үшін мәтінді курсивпен, қалың шрифтпен, жақтаулармен ерекшелеуге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда шрифт өлшемі өзгермейді. Астын сызу, негізгі мәтіннен басқа қаріпті пайдалануға рұқсат етілмейді.

Мәтіннің көлемі 10-15 бетке дейін.

Пайдаланылған көздер тізімі ГОСТ 7.1-2003 сәйкес алфавиттік тәртіпшеп құрастырылған және 10-15 дереккөзді қамтиды.

Дереккөздерге сілтемелер дәйексөзден кейін төртбұрышты жақшада басылады.

Жарияланым файлының атауында міндетті түрде файлда Жоба (өтінім, келісім) бар екенін көрсететін автордың тегі болуы керек (мысалы, Асылбеков_жоба.docx, Асылбеков_өтініш.docx).

II. Тестілеу

Мақсаты: «Арнайы педагогика» және «Инклюзивті білім беру» пәндерінен теориялық білім деңгейлерін анықтау (3 курс)

Критерий: Бір тест тапсырушыға - **30 сұрақ** беріледі.

Тестілеуге команданың **бір мүшесі** қатыса алады.

Тестілеу уақыты - **30 минут**. Әрбір дұрыс жауапқа **1 ұпай** беріледі.

Республикалық пәндік олимпиаданың комиссия құрамымен жұмыстар тексеріліп, жеңімпаздар анықталған соң университет сайтына қорытынды нәтиже жарияланады.

Олимпиада барысында туындаған сұрақтарыңызды Сіз ұйымдастыру комитетіне хабарласу арқылы анықтай аласыздар.

Байланыс мәліметтері:

Утеуова Алия Амангельдиевна - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Психология және арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы, магистр; тел.: 87015802600

Рыстыгулова Айгуль Таубаевна - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Психология және арнайы педагогика кафедрасының аға оқытушысы, магистр; тел.: 87473604373

**XVI Республикалық студенттік олимпиадаға қатысуға өтінім
дайындық бағыты бойынша 6В019-Арнайы педагогика**

Жоғары оқу орнының толық атауы	
Топ мүшелерінің аты, оқу бағдарламасы және оқу жылы	1. 2. 3.
Тестілеуге арналған олимпиадаға қатысушының Т.А.Ә	
Команда жетекшісінің толық аты-жөні, қызмет атауы, жұмыс орны, телефон, e-mail	
Қатысушы тілі	
Кафедра меңгерушісінің аты-жөні, телефон, e-mail	
ЖОО Ректорының Т.А.Ә.	

ЖОБА МӘЛІМЕТТЕРІ

Жоба атауы	
Жоба авторы	
Қысқаша аннотация (жобаның негізгі идеясы қандай?)	
Жобаның өзектілігі (жоба шешуге бағытталған нақты мәселенің сипаттамасы)	
Жобаға бағытталған негізгі мақсатты топтар (сіздің жобаңыз кімге арналған? Әлеуметтік топтарды, жас санаттарын көрсетіңіз)	
Жобаның негізгі мақсаты (жобаның бір мақсатын тұжырымдау, ол нақты, өлшенетін, қол жеткізуге болатын, авторға жақын және уақыты шектеулі болуы керек)	
Жоба мақсаттары (жоба мақсатына жету жолындағы негізгі қадамдарды тұжырымдау)	
Жобаны іске асыру әдістері (жобаның мақсатына қалай қол жеткізесіз, тапсырмаларды шешу жолдарыңыз)	
Жобаның «серіктестері» (жобаны жүзеге асыруға тартуды жоспарлағандардың тізімі)	
ҚОСЫМШАЛАР	